Тұтыну ыдысы .....	1 дана



**AM11.03-4 КӨКӨНІС КЕСКІШ-ҚОСЫМШАСЫНЫҢ ЖИНАҚТАУЛЫҒЫ**

Көкөніс кескіш-қосымша жинақта (тұрқы, саптама, қақпақ, итергіш) .....	1 дана
Саптама .....	3 дана
Пакет .....	1 дана

**AM11.04 ШЫРЫН СЫҚҚЫШ-ҚОСЫМШАСЫНЫҢ ЖИНАҚТАУЛЫҒЫ**

Шырын сыққыш-қосымша жинақта (тұрқы, ішпек, шнек, тор, бұрама) .....	1 дана
Тор .....	2 дана
Поддон .....	1 дана
Пакет .....	1 дана

**AM11.05 цитрустарға арналған ШЫРЫН СЫҚҚЫШ-ҚОСЫМШАСЫНЫҢ ЖИНАҚТАУЛЫҒЫ**

Саптама .....	2 дана
Тұрқы .....	1 дана
Тор .....	1 дана
Ауыстырып-қосқыш .....	1 дана
Пакет .....	1 дана

**ЖЕТКІЗУ ЖИЫНТЫҒЫ**

1-кесте. Жеткізу жиынтығы

Электрретартқыштың таңбасы	Құрамдас бөліктердің таңбасы				Қаптамадағы салмағы, кг артық емес
	Электрретартқыш M41	Көкөніс кескіш-қосымша AM11.03-4	Шырынсыққыш-қосымша AM11.04	Шырынсыққыш-қосымша AM11.05	
Электрретартқыш M41.01	+	-	-	+	4,6
Электрретартқыш M41.02	+	+	+	+	6
Электрретартқыш M41.03	+	+	-	+	5,8
Электрретартқыш M41.04	+	-	+	+	5,2
Электрретартқыш M41.00	+	-	-	-	5
Электрретартқыш M41.23	+	+	-	-	5,7

**ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ**

Электрретартқышты қауіпсіз пайдалану үшін осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқыңыз.

**ЭЛЕКТРЕТТАРТҚЫШ ТЕК ҚАНА ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЗЕТТІЛІКТЕРДІ ӨТЕУГЕ АРНАЛҒАН!**

Электрретартқышты 220-240 В кернеулі жиілігі 50-60 Гц ауыспалы тоқты электр торабына ғана қосыңыздар!

Бұл құрал физикалық, жүйке жүйесі немесе психикалық ауытқулары бар немесе білімі мен тәжірибесі жеткіліксіз адамдардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған, бұл адамдардың қауіпсіздігіне жауап беретін тұлға осы құралды пайдалануға қатысты нұсқаулық берген немесе бұл тұлғаларға қадағалау жасайтын жағдайлардан басқа кезде.

Балалардың құралмен ойнауын болдырмау үшін балаларды қадағалау қажет.

#### **ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:**

- жұмыс істеп тұрған электрретартқышты қараусыз қалдыруға;
- электрретартқышты еңкіш немесе орныксыз бетте пайдалануға;
- электрретартқышты осы нұсқауда көрсетілгеннен басқа мақсатта пайдалануға;
- ақаулы электрретартқышты пайдалануға. Қоректендіру бауында ақау байқалғанда электр тогының соғу қаупінің алдын алу үшін бауды өндіруші немесе оның агенті немесе осындай білікті тұлға ауыстыруы тиіс;

- үздіксіз жұмыс істеудің рұқсат етілген уақытынан асып кетуге – 30 минут;

- жетекті ашуға және электрретартқыш құрылымына өзгеріс енгізуге;

- жетекті суға салуға және оны су ағыны астында жууға;

- жетек қыстырылып тұрған кезде қосымшаларды азық-түлік қалдықтарынан тазартуға.

**Өндіруші электрретартқыш пен оның құралдарын дұрыс пайдаланбаудан келтірілген шығын үшін жауап бермейді.**

### **ЭЛЕКТРЕТТАРТҚЫШТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

Электрретартқыш екі негізгі бөліктен тұрады: жетек және етартқыш-қосымша.

Етартқыш-қосымша тұрқы, шнек, сақтандырғыш қалпақша, қымтағыш балдақ, пышак, тор, сомын, тостаған және итергіштен тұрады.

Етартқыш-қосымша кішкентай және ірі тесікті торкөздермен жасакталады. Өр түрлі торкөздерді пайдалану майда немесе ірі етті жентек алуға мүмкіндік береді.

Қымтағыш балдақ және сақтандырғыш қалпақшасы бар шнек 2-суретте көрсетілген.

Қымтағыш балдақты орнатқан кезде шығыңқы бет сақтандырғыш қалпақшаға қарай бағытталуы тиіс.

Сақтандырғыш қалпақша электрретартқыш механизмін бұзылудан сақтайды. Өңдеу кезінде етартқыш-қосымшаға абайсызда сүйек және басқа да қатты заттардың түсуі кезінде, бұйымды пайдалану ережелерін бұзудан болған электрретартқыш жетегіне асқын жүктеу түскен кезде сақтандырғыш қалпақша бұзылады, шнек айналуын тоқтатады, жетек бос жүріс режимінде жұмыс істей береді.

Жетек етартқыш-қосымша шнегін айналдырады. Етартқыш-қосымшаны бекіту үшін жетекте бекіткіш қарастырылған. Бекіткіш етартқыш-қосымшаны «Реверс» режимінде жұмыс істеген кезде қозғалудан сақтайды. Етартқыш-қосымшаны жетектен алу үшін бекіткіш түймешегіне басып, етартқыш-қосымшаны сағат тілі бойымен бұрау керек. Жетектің артқы бөлігінде қоректендіру бауы мен торды сақтауға арналған ойық бар. Жетек тұрқының үстінгі бөлігінде тасымалдауға ыңғайлы тұтқа қарастырылған.

Жетекті іске қосу ажыратқыштың пернесін **I (ON)** қалпына қоюмен, ал ажырату пернені **0 (OFF)** қалпына қоюмен жүзеге асырылады.

«Реверс» режимінде жұмыс істер алдында ажыратқышты **0 (OFF)** қалпына қойып, жетектің айналатын бөліктерінің толық тоқтауын күту қажет. Жетекті «Реверс» режимінде қосу ажыратқыш пернесін **R** белгісі жағынан қысқа мерзімді (5 секундтан артық емес) басумен жүзеге асырылады.

**Электрретартқышты жетектің айналатын бөліктері толық тоқтағанға дейін «Реверс» режимінде қосуға болмайды.**

### **ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ**

Бірінші рет пайдаланар алдында етартқыш-қосымша, көкөніс кескіш-қосымша (жинақтаулықта болса), шырын сыққыш-қосымшаның (жинақтаулықта болса) құрамдас бөліктерін ыдыс жууға арналған жуу құралдарымен ыстық суда жуу керек.

Жетек тұрқысын және қоректендіру бауын дымқыл мата майлықпен сүрту қажет.

## ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

Электрреттартқыш ұзақ және сенімді қызмет ету үшін мына ұсыныстарды ескеру қажет:

- еттартқыш-қосымшаның құрамдас бөліктерін жинауды қатаң түрде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асыру керек;
- етті өндер алдында мұздан еріту, сүйек, сіңірден ажырату, еттартқыш-қосымшаның мойындығынан оңай өтетін тілімдерге кесу керек. Ет кесектерінің ұсынылған өлшемі 20x20x40 мм.

**Еттартқышқа сүйек, шеміршек және кездейсоқ қатты заттарды түсіруге және мұздатылған етті өңдеуге болмайды;**

- мойындықтың өңделетін өнімнің көп мөлшерімен тығындалуын болдырмау керек. Еттартқыш-қосымшаның мойындығына етті бір қалыпты кесектеп салу керек, қажет болған жағдайда итергішті пайдаланса болады, бірақ та күшке салуға болмайды.

Еттартқыш-қосымшаға сүйек және қатты заттар абайсызда түскенде немесе электрреттартқышты дұрыс пайдаланбаған жағдайда (асқын жүктеме) сақтандырғыш қалпақша бұзылады. Бұзылған қалпақшаны ауыстыру үшін қосымшаны жетектен алу керек.

Сақтандырғыш қалпақшаны ауыстыруды шнек білігінен және жетек төлкесінен сынған қалпақшаның қалдықтарын толығымен тазартқаннан кейін ғана жүргізу қажет. **Сынған қалпақшаның алынып тасталмаған қалдықтары сақтандырғыш қалпақшаның қайта бұзылуына әкелуі мүмкін.**

Осы ұсыныстарды орындау – бұйымның ұзақ әрі сенімді жұмыс істейтіндігінің кепілі.

## МОНТАЖДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

**Жетек жасау, көкөністер мен жемістерді ұсақтау**

Еттартқыш-қосымшаны мына тәртіпте жинау керек:

- шнекке қымтағыш балдақ пен сақтандырғыш қалпақшаны кигізу. Қымтағыш балдақ шығыңқы беті қалпақшаға қаратылып орнатылуы тиіс (2-сурет);
- тұрқыға жиналған шнекті орнату (3-сурет);
- пышақты шнек білігінің квадратына кесетін бетін сыртына қаратып орнату (4-сурет);
- торкөздегі ойықты тұрқыдағы штифтке келтіріп, кішкентай (ірі немесе ірі дөңгелек емес) тесікті торкөзді орнату (5-сурет);
- мына шартты ескере отырып, сомынды тұрқыға бекіту (6-сурет): ет сапасы төмен болған сайын, сомын соғұрлым қаттырақ тартылуы тиіс, шегіне дейін тартуды жетекке жүктеме түсетіндіктен пайдаланбаған жөн;
- коректендіру бауын жетектің ойығынан алып шығу;
- еттартқыш-қосымшаны жетекке орнатып (7-сурет), бекіткіш сырт еткенге дейін сағат тіліне қарсы бұру (8-сурет);
- тостағанды тұрқыға қою (9-сурет).

Өңделетін етті мұздан ерітіп, сүйектен ажырату керек.

Өңделетін өнімдерді жуып, еттартқыш-қосымшаның мойындығынан оңай өтетін кесектерге кесу қажет.

Электрреттартқыштың жетегі сөніп тұрғанына көз жеткізу және коректендіру бауының ашасын торапқа қосу керек.

Электрреттартқыштың жетегін іске қосу және өңделетін өнімдерді еттартқыш-қосымша мойындығына бірқалыпты салып отыру керек, қажет болған жағдайда өнімдерді итергішпен итеруге болады (9-сурет).

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!** Өңделетін өнімдерді электрреттартқыш жинағындағы итергіштен басқа заттармен итермеңіздер. Өңделетін өнімдерді итеруге арналған итергішті тұрқының мойындығына электрреттартқыш жинағындағы тостаған орнатылғанда ғана қолданыңыз.

Өңдеу қарқындығы төмендеген жағдайда, еттартқыш-қосымшаның пышағына шандырлардың оралып қалуынан жетек шығуы тоқтаған жағдайда мына әрекеттерді істеу қажет:

- электрреттартқыштың жетегін ажыратқыштың пернесін **0 (OFF)** қалпына ауыстырумен ажырату;
- жетектің айналатын бөліктері толық тоқтағанға дейін кідіру (5 секундтан аз емес);
- ажыратқыштың **R** белгісі бар жағынан басумен жетекті «Реверс» режимінде іске қосу, сонда шнек кері бағытта айналады;
- ажыратқыш пернесін босату;
- жетектің айналатын бөліктері толық тоқтағанға дейін кідіру (5 секундтан аз емес);
- ажыратқыштың пернесін **I (ON)** қалпына ауыстырып, жұмысты жалғастыру.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!** Жетектің шамадан тыс жүктелуін болдырмау үшін оны ажыратқаннан кейін жетектің айналатын бөліктері толық тоқтағанға дейін жетектің айналу бағытын өзгертуге болмайды.

Шырыны көп өнімдерді өңдеген кезде шырын арнайы жасалған ойықтан ағуы мүмкін (10-сурет). Еттартқыш-қосымша шырын мен өңделетін өнімге толған кезде ағу күшеюі мүмкін. Сондықтан өнімдерді шағын үлеспен салу керек.

Жұмыс аяқталғаннан кейін еттартқыш-қосымшаны оңай тазарту үшін өнімдерді өңдеудің соңында қатқан нан немесе нанның қыртысын тарту ұсынылады.

#### **Қамырды пішіндеу**

Еттартқыш-қосымша тұрқысына қымтағыш балдақ және сақтандырғыш қалпақша орнатылған шнекті (3-сурет), ірі немесе кішкентай тесіктері бар торкөзді орнатып, сомынды қысу керек (5-сурет). Пішіндеу кезінде пышақ орнатылмайды (6-сурет).

Қоректендіру бауын жетек бөлігінен алу қажет. Еттартқыш-қосымшаны жетекке орнатып (7-сурет), сырт еткенге дейін сағат тіліне қарсы бұру арқылы бекіту (8-сурет), тостағанды тұрқыға қою (9-сурет) керек.

Электрреттартқышты қыстырып, итергіштің көмегімен қамырды еттартқыш-қосымшаның мойындығына бірқалыпты салу керек. Пішінделген қамыр торкөз тесігі арқылы шығады.

#### **Тілкемдеу, тілімдерге кесу, үгу**

Электрреттартқышты АМ11.03-4 көкөніс кескіш-қосымшамен (бұдан әрі мәтін бойынша – көкөніс кескіш) жасақтау кезінде түрлі саптамамен қосымша функцияларға ие боласыз: көкөністер мен жеміс-жидекті (картоп, қызылша, қырыққабат, сәбіз, қияр, алма және т.б.) тілкемдеу, тілімдерге кесу және көкөністер мен жемістерді, қатты сұрыпты ірімшікті, драмик жасауға картопты үгу.

Жүктелетін көкөністер мен жемістер алдын ала жуылып, көкөніс кескіштің жүктеу саңылауына еркін кіретіндей етіп тілімдерге кесілуі тиіс.

Көкөніс кескіштің құрамдас бөліктері 11-суретте көрсетілген. Көкөніс кескішті жинау:

- көкөніскескіш тұрқысына өңдеу түріне байланысты саптаманың бірін орнату, көкөніскескіш тұрқысына қақпақты қойып, сағат тіліне қарсы бұрап бекіту (12-сурет);
- жиналған көкөніскескішті электрреттартқыш жетегіне орнатып, сағат тіліне қарсы бағытта сырт еткенге дейін бұрап бекіту (13-сурет);
- электрреттартқыш жетегінің қоректендіру бауының ашасын торапқа қосу, электрреттартқыш жетегін қосу және итергіштің көмегімен өнімдерді бірқалыпты салу (14-сурет). Дайын өнім көкөніскескіш қақпағындағы тесіктен шығады;
- өңдеу аяқталғаннан кейін электрреттартқыш жетегін ажыратып, қоректендіру бауын желіден ажырату қажет.

#### **Шырын дайындау және шұжық өнімдерін толтыру**

Электрреттартқышты АМ11.04 шырын сыққыш-қосымшамен (бұдан әрі мәтін бойынша – шырын сыққыш) жасақтау кезінде қосымша функцияларға ие боласыз: шырын дайындау және шұжық бұйымдарын толтыру.

Шырын сыққыштың құрамдас бөліктері 16-суретте көрсетілген.

**Шырын дайындау.** Жүктелетін көкөністер мен жеміс-жидектер алдын ала жуылып, еттартқыш-қосымшаның жүктеу саңылауына еркін кіретіндей етіп тілімдерге кесілуі тиіс.

Шырын дайындау үшін шырынсыққышты мынадай кезектілікпен қажет:

- шырын сыққыш тұрқына салма мен өңдейтін өнімге байланысты ірі немесе кішкентай тесігі бар торды орнату, қосылатын тетіктердің паз бен шығыңқысын қосып, шнекті шырынсыққыштың тұрқына орнату (15-сурет);

- электреттартқыштың жетегіне пышақ, тор және сомынсыз жинақтағы электреттартқыш қосымшаны орнату;

- еттартқыш-қосымша шнегінің төртқыры мен шырынсыққыш шнегінің төртқырын келтіріп, жиналған шырынсыққышты еттартқыш-қосымшаға орнату, электреттартқыш жинағындағы сомынмен бекіту, шырынсыққыш тұрқының бағыттамасына поддон орнату, бұраманы шырынсыққыш тұрқына бұрап кіргізу және 1-2 айналымға кері айналдыру (19-сурет);

- шырынға арналған ыдысты орнату, электреттартқыштың қоректендіру бауының ашасын желіге қосу, электреттартқыштың жетегін қосу және итергіштің көмегімен дайындалған өнімді біркелкі еттартқыш-қосымша аузына салу. Сығылған өнім шырынсыққыш тұрқының саңылауынан шығады. Сығу деңгейі бұраманың көмегімен реттеледі.

Өңдеу қарқындылығы төмендеген және сығылған өнімдердің шырын сыққыш-қосымшаның саңылауы арқылы шығуды тоқтатқан кезде мына әрекеттерді орындау қажет:

- жетекті ажырату;

- сығылған өнімдерді шығару үшін бұраманы саңылау толық ашылғанға дейін бұру;

- жетекті қосу;

- сығылған өнімдердің шығуы қалпына келтірілген соң бұраманың қалпын реттеу арқылы өнімдерді сығу деңгейін реттеп, жұмысты жалғастыру;

- өңдеу аяқталған соң электреттартқыш жетегін ажырату және қоректендіру бауының ашасын желіден ажырату.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!** ШЫРЫНСЫҚҚЫШ ТҰРҚЫНДАҒЫ САҢЫЛАУ БІТЕЛІП ҚАЛСА, ЭЛЕКТРЕТТАРТҚЫШ ЖЕТЕГІН АЖЫРАТЫП, ШЫРЫНСЫҚҚЫШТЫ БҰЗУ, ӨНІМДЕРДЕН ТАЗАРТУ, ЖУУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ЖИНАУ ҚАЖЕТ.

**Шұжық бұйымдарын дайындау.** Шұжық бұйымдарын дайындау үшін қажет:

- осы нұсқаулықта ұсынылған рецепт бойынша немесе аспаздық кітапта берілген рецепт бойынша шұжық жентегін дайындау;

- шырынсыққышты электреттартқышқа шырын дайындағандай жинау қажет. Поддон орнатылмайды. Бұраманы шырынсыққыш тұрқына 2-3 айналымға бұрап кіргізу;

- пішіндейтін үлдірді жылы суда ұстап, иілгіштігін жақсарту, "гармошка" түрінде жинап, шырынсыққыш тұрқына кигізу (17-сурет), шетінен 5 см кем емес жерде үлдірді байлау;

- электреттартқыштың қоректендіру бауының ашасын желіге қосу, электреттартқыш жетегін іске қосу, итергіштің көмегімен жентекті еттартқыш-қосымшаның аузына қарай пішіндеу үлдірі қажетті ұзындыққа толғанға дейін біркелкі итеру (17-сурет);

- электреттартқыш жетегін ажырату, үлдір ішінде ауа қалмайтындай етіп, үлдірді байлау, үлдірді шырынсыққыш тұрқынан алу.

**Шұжық өнімдерін жасау**

Еттартқыштың көмегімен аспаздық рецепт бойынша шұжыққа фарш жасау.

Еттартқыштың сомыны (гайка) мен торын алыңыз. Ірі тесіктері бар торды, шұжыққа арналған қондырманы орнатыңыз, сомынды (гайканы) қайта бекітіңіз.

Шұжық дайындау үшін табиғи ішекті қабықша ретінде пайдаланыңыз, оны жылы суға салып, жібітіңіз. Жұмсартылған қабықшаны қондырмаға кигізіп, оның бір ұшын байлаңыз.

Еттартқышты қуат көзіне қосыңыз. Фаршты итергіштің көмегімен еттартқышқа салыңыз, содан кейін өзіңіздің қалауыңыз бойынша қабықшаны фаршпен толтырыңыз (20-сурет).

Еттартқышты өшіріп, ішектің екінші ұшын байлаңыз, содан соң еттартқыштың қондырмаларын алыңыз.

### **Цитрус жемістерден жұмсағы бар шырын алу**

Электрреттартқышты АМ11.05 цитрус жемістерге арналған шырынсыққыш-қосымшасымен (бұдан әрі мәтін бойынша - цитрус жемістерге арналған шырынсыққыш) жасақтау кезінде мынадай қосымша функцияға ие боласыз – ірі немесе ұсақ цитрус жемістерден жұмсағы бар шырын алу. Цитрустерге арналған шырынсыққыштың құрасдас бөліктері 18-суретте көрсетілген.

Шырын аул үшін қажет:

- электрреттартқыш жетегін жетектің айналу осі тік күйде болатындай етіп орнату;
- ауыстырып-қосқышты жетек төлкесінің ойығына орнату;
- цитрустерге арналған шырынсыққыш тұрқын жетекке орнату және сағат тіліне қарсы сырт еткенге дейін бұру;
- жетекте бекітілген цитрустерге арналған шырынсыққыш тұрқына торды тұрық жапырақтары тор жапырақтарымен сай келетіндей етіп орнату;
- кіші саптаманы ауыстырып-қосқыштың шығыңқы бөлігіне орнату, ірі жемістерден шырын алу үшін үлкен саптаманың ішкі бетіндегі төрт бекітпе кіші саптаманың сыртқы бетіндегі төрт ойықпен дәл келтіріп кіші саптамаға үлкен саптаманы орнату;
- жетекті қосу, саптаманың айналуын бос жүріспен тексеру, тұрқының тұмсығы астына шырын қабылдайтын ыдыс орнату;
- цитрус жемісін ортасынан бөліп, жартысын алып, жұмсағы жағымен айналып тұрған саптамаға басу, шырын шырын қабылдағыш ыдысқа түсе бастайды;
- барлық жемісті өңдеп болған соң электрреттартқыш жетегін ажырату және коректендіру бауының ашасын желіден ажырату.

**Назар аударыңыздар! Өндеу үрдісінің кез келген бұзылуы кезінде жетекті ажырату қажет.**

**Өндеуді аяқтаған соң** электрреттартқыш жетегін ажырату, коректендіру бауының ашасын желіден ажырату қажет. Кез келген қосымшаны жетектен алу үшін бекіткіш түймешегіне басып, қосымшаны сағат тілі бойымен бұру қажет. Жетектен қосымшаны алу, бұзу, құрамдас бөліктерін өнімнен тазарту, жуғыш құралдармен ыстық суда жуу, кептіру керек. Саптамаларды жуу кезінде абай болыңыздар, қолды жаралап алмау үшін кесетін жиектерді жууға тіс щеткасын пайдаланыңыздар.

Сыртқы түрін сақтау үшін қосымша мен оның құрамдас бөліктерін ыдыс жуғыш машинада жуу ұсынылмайды.

Қырғыш тазалау құралдарын қолдануға болмайды. Кептіргеннен кейін еттартқыш-қосымшаның пышағы мен торын аспаздық маймен майлау қажет. Еттартқыш-қосымшаны сомынды қатты тартпай жинақтау қажет. Жетектің тұрқы мен коректендіру бауын дымқыл мата майлықпен сүрту және кептіру, коректендіру бауын жетектің ойығына салу керек.

Пластмасса бөліктерді жылу көзінің үстінде (пеш, электрплита және т.б.) кептіруге болмайды.

### **САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Электрреттартқыш жылытылатын және желдетілетін бөлмеде +1-ден +40°С-ге дейінгі температурада сақталуы тиіс.

Электрреттартқышты жайсыз температурада тасымалдаған жағдайда, ұсынылған температура интервалы бар үй-жайда кемінде 3 сағат тұрғаннан кейін ғана оны пайдалануға рұқсат етіледі.

### **ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Электрреттартқышты сатып алған кезде мынаны тексеру керек:

- электрреттартқыш жетегінің түбінде орналасқан зауыт пломбасының бұзылмауын;
- электрреттартқыш жетегіндегі, пайдалану жөніндегі нұсқаулық пен қаптамадағы зауыт нөмірлерінің сәйкес келуін;
- «Жинақтаулық» бөліміне сәйкес жинақталуын;
- қабылдау және сату туралы куәлік пен кепілдік талонының толық және дұрыс толтырылуын (кепілді жөндеуге талон мен қабылдау және сату туралы куәлікте дүкеннің мөртабаны, сату күні дұрыс және анық қойылғанына көз жеткізу керек);
- «Жұмыс тәртібі» бөліміне сәйкес еттартқыш-қосымшасы қосылған жетекті қысқа уақытқа қосу арқылы электрреттартқыштың жұмысқа қабілеттілігін.

## БОЛУЫ МҮМКІН АҚАУЛАР МЕН ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

Болуы мүмкін ақаулар	Себебі	Жою әдістері
Электрқозғалтқыш жұмыс істеп тұр, бірақ шнек айнамайды	Қалпақша сынып қалды	Шнектен және жетек төлкесінен қалпақшаның қалдықтарын алып тастап, қосымша жинағының қосалқы бөлшектерінен басқа қалпақшаны алып қою *
Сапасыз майдалау (ет езіледі)	Редуктор жұмыс істемейді	Жөндеу кәсіпорындарының мамандарымен ғана жойылады
	Еттартқыш-қосымшаның сомыны тартылмаған	Еттартқыш-қосымшаның сомынын тарту
	Пышақтың кесетін жиегі мұқалған	Пышақты ауыстыру
Жетек білігінің айналуы азайды	Электрқозғалтқыш жұмыс істемейді	Жөндеу кәсіпорындарының мамандарымен ғана жойылады
Жетек жұмыс істемейді	Кернеу жоқ	Розеткаға үстел шамын немесе өлшеу құралын қосу арқылы қоректендіру торабында кернеудің болуын тексеру
	Ажыратқышта ақау бар, қоректендіру бауында ақау бар, электрқозғалтқышта ақау бар, жетектің электр тізбегі үзілген	Жөндеу кәсіпорындарының мамандарымен ғана жойылады.

\* Жеткізудің қосалқы бөлшектері ішіндегі қалпақшаларды пайдаланғаннан кейін оларды сауда желісі, жөндеу кәсіпорны немесе өндіруші-зауытта сатып алуға болады (тел.+7(3412) 30-81-60). Электрреттартқыш жетегінің бұзылуын болдырмау үшін өндіруші-зауыттың фирмалық белгісі бар қалпақшаларды ғана сатып алыңыздар.

**Сақтандырғыш қалпақшаларды ауыстыру кепілді жөндеуге жатпайды.**

## КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Электрреттартқышты пайдаланудың кепілді мерзімі дүкеннен сатып алған сәттен бастап 3 жыл. Кепілді жөндеуге талонда дүкенде сату күні көрсетілмеген жағдайда пайдалану мерзімі электрреттартқышты өндіруші-кәсіпорын шығарған күннен бастап есептеледі (күні қаптамада көрсетіледі).

Кепілді мерзім кезінде өндірушінің кінәсынан болған ақаулар кепілді жөндеу жүргізетін кәсіпорындарда тегін жойылады. Кепілді жөндеуге үзбелі талон жөндеу жүргізген кәсіпорында қалады.

Өндіруші немесе оның өкілі сараптама нәтижесі бойынша ақау тұтынушы пайдалану, сақтау ережелерін бұзуынан, үшінші тұлғалар немесе жойқын күштің әрекетінен болғаны анықталған жағдайда бұйымды кепілді қызмет көрсетуден алып тастайды (Ресей Федерациясының «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңының 18-бабы).

**Назар аударыңыздар! Сақтандырғыш қалпақшалардың бірнеше қайтара сынуы тұтынушы бұйымды пайдалану ережесін бұзғанын куәландырады.**

Бұйымның қызмет ету мерзімі 5 жыл.

## ЖОЮ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Электр ет тартқыш пен оның саптамаларын жоюға арнайы талаптар қойылмайды.



KZ  
24



**TM.by**  
ONLINE STORE

<https://tm.by>  
Интернет-магазин



ТАЛОН НА ГАРАНТИЙНЫЙ РЕМОНТ  
КЕПІЛДІ ЖӨНДЕУГЕ ТАЛОН

ЭЛЕКТРОМЯСОУБКА  
ЭЛЕКТРЕТТАРТҚЫШ

M41.01  M41.04   
M41.02  M41.00   
M41.03  M41.23

№

ТУ 5156-194-49640047-2012

Изготовитель: ООО Концерн «Аксион»  
Өндіруші: ООО Концерн «Аксион»

Продана .....  
Сатылды (наименование предприятия торговли)  
(сауда кәсіпорнының атауы)

Дата продажи .....  
Сату күні

Выполнены работы .....  
Жұмыстар атқарылды

Исполнитель .....  
Орындаушы фамилия, имя, отчество  
тегі, аты, әкесінің аты

Владелец .....  
Иесі подпись  
колы

КОРЕШОК ТАЛОНА на гарантийный ремонт  
Кепілді жөндеуге ТАЛОН ТҮБІРТЕГІ

Изыят « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ г.  
Алынды \_\_\_\_\_ ж.

Исполнитель .....  
Орындаушы фамилия, имя, отчество  
тегі, аты, әкесінің аты



## ЭЛЕКТРЕТТАРТҚЫШТЫҢ КӨМЕГІМЕН ТАҒАМ ДАЙЫНДАУ ҮШІН АСПАЗДЫҚ КІТАПТАН РЕЦЕПТЕР

### **Шабылған бифштек**

400 г ет, 75 г сиыр немесе шошқа майын электреттарқышта тартыңыз, 50 г су, тұз, бұрыш қосып, мұқият араластырыңыз. Дайындалған массаны котлет түрінде бөліп, табада қуырыңыз.

### **Бауырдан жасалған паштет**

400 г бауыр (сиыр, шошқа, қой), 150 г сары май, 100 г шпик, 100 г басты пияз, 50 г сәбіз, 1 жұмыртқа, 50 г сүт немесе сорпа. Бауырды шағын бөліктерге бөліп, тілкемделген көкөністермен бірге шпикпен қуарыңыз, содан соң екі рет еттартқышта тартыңыз. Паштетке сары май қосып, жақсылап араластырып, шабылған жұмыртқа мен көк шөппен сәндеңіз.

### **Еттен жасалған фрикаделькалар**

400 г сорпа еті (бұзау, шошқа), 2 жұмыртқа, қалалық бөлкенің жартысы, тұз, бұрыш, желкөк, пияз. Бөлкені сүтке жібіту, сығып, етпен бірге еттартқыштан өткізіңіз. Алынған тартылған етке бұрыш, желкек көгі, пияз, жұмыртқаны қосыңыз, мұқият араластырыңыз. Фрикаделькаларды суға пісіріңіз немесе өсімдік майына қуырыңыз.

### **Саңырауқұлақ уылдырығы**

100 г кептірілген ақ саңырауқұлақ пен 50 г кептірілген қызғылт сары саңырауқұлақ пен 50 г қайысқұлақ саңырауқұлақты түнгіге суға жібітіп қойыңыз. Содан соң оларды жуып, біраз көлемдегі суда пісіріңіз. Дайын саңырауқұлақты суытып, 200 г басты пиязбен еттартқыштан өткізіңіз. Дайын массаны күнбағыс майына баяу отта 1 сағат бойы сорпа құйып отырып, қуыру қажет. Уылдырықты бутерброд, жентектелген жұмыртқа үшін пайдаланылады, сорпаға қосуға болады.

### **Кәді мен баклажаннан жасалған уылдырық**

500 г баклажанды қаңылтыр табада тандырда немесе суға салып пісіріңіз. Қабығын алып тастаңыз. Жұмсағын еттартқышқа салып, аздап қуырылған пияз (басты), қызанақ, тұз, бұрыш қосып, ұсақтаңыз. 2 ас қасық өсімдік майын қосып, баяу отта пісіріңіз.

### **Мүк жидек шырыны**

2 кг мүк жидек, 1 л шырынға 200 г қант

Жемістерді жуып, шырын сыққыштан өткізіп, дәкемен сүзіп, қант қосып 85°C дейін қыздыру керек. Құтыларға құйылған шырынды 20 минут зарарсыздандырып, ауызын бекітіп жабу керек.

### **Қуырылған шаруа шұжығы**

1 кг шошқа еті, 300 г шпик, 20 г тмин, сарымсақ, дәмдеуіштер мен тұз.

Шошқа еті мен шпикті ірі тесікті торкөзді пайдаланып, электреттарқыштан өткізіп, қалған өнімдермен қосып, бірыңғай масса түзілгенге дейін араластырыңыз. Дайындалған шошқа ішектерін қосымшаны пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес толтырыңыз. Дайындалған шұжықты пісіріп, соңынан қуырыңыз. Дастарханға гарнирмен бірге қойыңыз.

### **Шошқа етінен жасалған шұжық**

2 кг майлы емес шошқа еті, 1 кг май, 2 ш.к. тұз, тмин, қара бұрыш және 1 ш.к. қант.

Шошқа еті мен майды электреттарқышта тартыңыз, бірыңғай масса түзілгенге дейін басқа өнімдермен араластырып, 8 саға ұстау керек. Дайындалған ішектерді қосымшаны пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес толтырыңыз. Желдетілетін бөлмеде кептіру үшін іліп қойыңыз, соңынан (4-5) сағатқа салқын жерге іліңіз. Кептіргеннен кейін ыстауға немесе қуыруға болады.

СВИДЕТЕЛЬСТВО О ПРИЕМКЕ И ПРОДАЖЕ  
ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ САТУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

ЭЛЕКТРОМЯСОСУБКА  
ЭЛЕКТРЕТТАРТҚЫШ

Модель, заводской номер и дата изготовления

┌

└

соответствует требованиям ТУ 5156-194-49640047-2012 и признана годной для эксплуатации.

ТУ 5156-194-49640047-2012 талаптарына сәйкес келеді және пайдалануға жарамды деп танылды

Продана.....  
Сатылды (наименование предприятия торговли)  
(сауда кәсіпорнының атауы)

Дата продажи.....  
Сатылған күні

**Актуальную информацию об авторизованных центрах “Аксион” Вы найдете на сайте [www.axion-tnp.ru](http://www.axion-tnp.ru).**

ИЗГОТОВИТЕЛЬ / ӨНДІРУШІ:  
ООО Концерн «АКСИОН»  
426008, Россия, Удмуртская Республика  
г. Ижевск, ул. Максима Горького, 90  
Тел. +7 (3412) 78-78-24  
Тел./факс +7 (3412) 78-58-97  
e-mail: [tnp@с.axion.ru](mailto:tnp@с.axion.ru)  
<http://www.axion-tnp.ru>

Гарантийное обслуживание:  
Тел./факс +7 (3412) 30-81-60

V15

28